

К.А. БАТЫРБЕКОВА¹, Н.Қ. ОМАРОВ², М.Е. ӘЛІМБАЕВ³¹М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, доцент

М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: nurlybek.omarov.73@mail.ru

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент

М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: medeu-7@mail.ru

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ АТБЕГІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК
БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

(«Байтарту'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштері негізінде)

Аңдатпа. Мақалада ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту'л-Вазих» және қыпшақ тілінде жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштерінде кездесетін дәстүрлі атбегілік өнерге қатысты тілдік деректер лингвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Сәйгүлігін сайлап, тарланын таңдап мінген түркілер өз танымдары мен талғамдарын осы жануармен тікелей байланыстырған. Сондықтан да халқымыздың дүниетанымында жылқыға қатысты ерекше философиялық және мәдени жүйе қалыптасқан. Ата-бабамыз аттың сынын жақсы білген және күтімін де терең меңгерген. Осыған қатысты жинақталған ілімін жазба ескерткіштерінде сипаттап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Осындай еңбектердің қайнар көзі ортағасырлық қыпшақ және мәмлүк-қыпшақ тілдерінде жазылған мұралар екені анық. Мақалада ескерткіштер тіліндегі атбегілікке қатысты ұғымдар анықталып, дәстүрлі өнердің мәдени мұра ретіндегі рөлі, аттың қазақ өміріндегі орны мен оның тілдегі көрінісі лингвомәдениеттану тұрғысынан жүйелі түрде талданады.

Зерттеу барысында ортағасырлық «Байтарту'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі атбегілік өнерге қатысты тілдік бірліктер фонетикалық, лексикалық тұрғыдан ажыратылып, олардың лингвомәдени сипаты тереңірек ашылады. Нәтижесінде ортағасырлық ескерткіштер тіліндегі сөздік қолданыстардың қазіргі қазақ тіліне әсері, олардың сақталу деңгейі, айырмашылықтары, қазіргі қазақ тілінің лексикалық жүйесіндегі орны қарастырылады. Жалпы ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Батырбекова К.А., Омаров Н.Қ., Әлімбаев М.Е. Ортағасырлық жазба ескерткішіндегі атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері («Байтарту'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштері негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №2 (136). – Б. 228–239. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.206>

***Cite us correctly:**

Batyrbekova K.A., Omarov N.K., Alimbaev M.E. Ortagasyrlyq jazba eskertkishindegi atbegilikke qatysty tildik birlikterdin lingvomadani erekshelekteri («Baitartu'l-Vazih» jane «Kodeks Kumanikus» jazba eskertkishti negizinde) [Linguocultural Features of Linguistic Units Related to Horse Breeding in a Medieval Written Monument (Based on the inscriptions of the “Baytartul-Wazih” and the “Codex Cumanicus”)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №2 (136). – B. 228–239. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.206>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.10.2024 / қабылданған күні 30.06.2025

атбегілік өнерге қатысты тілдік бірліктердің ерекшеліктерін зерттеу арқылы тілдің тарихи сабақтастығы мен даму заңдылықтары айқындалады.

Кілт сөздер: атбегілік, ортағасырлық жазба ескерткіштер, «Байтарту'л-Вазих», «Кодекс Куманикус», тілдік бірліктер, лингвомәдени ерекшеліктер», дәстүрлі өнер, кәсіп, мұра.

K.A. Batyrbekova¹, N.K. Omarov², M.E. Alimbaev³

¹PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

M. Auezov South Kazakhstan University

(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: nurlybek.omarov.73@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

M. Auezov South Kazakhstan University

(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: medeu-7@mail.ru

Linguocultural Features of Linguistic Units Related to Horse Breeding in a Medieval Written Monument

(Based on the inscriptions of the “Baytartul-Wazih” and the “Codex Cumanicus”)

Abstract. In this article, based on linguistic data, the linguistic features of lexemes associated with atbegi and the formation of the traditional art of horse breeding are considered. The way of life of nomads is closely associated with horses, so it is natural that their language often contains linguistic units associated with horse riding. The study analyzes the features of the use of lexical units related to horse breeding. The traditional understanding of horse riding in the written monument «Baytartul'l-Vazih», as well as the linguocultural nature of words associated with horse riding in the monument «Codex Cumanicus» are disclosed in detail. The basis for the formation of the traditional art of horse breeding is determined by the language of written sources. A linguistic analysis of written monuments written in the medieval Kipchak languages is carried out. The article defines the meaning of lexemes related to the art of horse breeding and determines their connection with today's Kazakh language. Lexical analysis of the language of written monuments written in the Kipchak language is one of the most important issues determining the historical development of the Kazakh language today.

As a result of the study, it was found that the words and phrases related to the name found in the manuscripts are closely related to the Atbeg tradition of the Kazakh people, revealing their cultural and historical significance. The article systematically analyzes the role of traditional equestrian art as a cultural heritage, the special place of the horse in the life of the Kazakhs and its expression in the language from the point of view of linguoculturology. This study examines the relationship of lexical units used in the written monuments «Baitartul-Vazih» and «Codex Kumanikus» with the modern Kazakh language. By studying the linguistic features of the monument, the influence of ancient word usage on the modern language, the level of their preservation and place in the lexical system of the modern Kazakh language are analyzed. As a result of the study, the historical continuity and laws of language development are determined.

Keywords: horse breeding, medieval written monuments, «Baytartul'l-Wazih», «Codecus Cumanicus», language units, linguocultural features, traditional art, profession, heritage.

К.А. Батырбекова¹, Н.К. Омаров², М.Е. Алимбаев³

¹PhD докторант Южно-Казахстанского университета им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

²кандидат филологических наук, доцент
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: nurlybek.omarov.73@mail.ru

³кандидат филологических наук, доцент
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: medeu-7@mail.ru

**Лингвокультурные особенности языковых единиц связанных с коневодством в
средневековом письменном памятнике**

(На основе надписей «Байтарту'л-Вазих» и «Кодекса Куманикус»)

Аннотация. В данной статье на основе лингвистических данных рассматриваются лингвистические особенности лексем, связанных с коневодством и формированием традиционного искусства коневодства. Образ жизни кочевников тесно связан с лошадей, поэтому закономерно, что в их языке нередко появления языковых единиц, связанных с верховой ездой. В ходе исследования анализируются особенности употребления лексических единиц, относящихся к коневодству. Подробно раскрыты традиционное понимание верховой езды в письменном памятнике «Байтарту'л-Вазих», а также лингвокультурная природа слов, связанных с верховой ездой, в памятнике «Кодекс Куманикус». Основа формирования традиционного искусства коневодству определяется языком письменных источников. Проведен лингвистический анализ письменных памятников, написанных на средневековых кыпчакских языках. В статье определяется значение лексем, относящихся к искусству коневодства, и определяется их связь с современным казахским языком.

В результате исследования установлено, что слова и словосочетания, относящиеся к коневодству встречающиеся в рукописях, тесно связаны с традицией коневодства казахского народа, раскрывается их культурно-историческое значение. В статье с точки зрения лингвокультурологии систематически анализируются роль традиционного конного искусства как культурного наследия, особое место коня в быту казахского народа и его выражение в языке. В данном исследовании рассматривается связь лексических единиц, используемых в письменных памятниках «Байтарту'л-Вазих» и «Кодекс Куманикус» с современным казахским языком. Путем изучения языковых особенностей памятника анализируются влияние древних словоупотреблений на современный язык, уровень их сохранности и место в лексической системе современного казахского языка. В результате исследования определены историческая преемственность и законы развития языка.

Ключевые слова: коневодство, средневековые письменные памятники, «Байтарту'л-Вазих», «Кодекс Куманикус», языковые единицы, лингвокультурные особенности, традиционное искусство, профессия, наследие.

Kіріспе

Тіл – ұлттың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын, даналығын жинақтап көрсететін таңбалық жүйе. Ол тек таңбалар жиынтығы ғана емес, ұлттың бар болмысын айқындайтын мәдениеттің басты элементі. Осы тұрғыдан алғанда «Байтарту'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке қатысты тілдік деректерді салыстырмалы түрде зерттеу лингвомәдениеттану және тіл тарихы тұрғысынан маңызды ақпараттар алуға мүмкіндік береді.

«Байтарату'л-Вазих» – ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған, атбегілерге арналған ветеринариялық жазба ескерткіш. Бұл ескерткіште жылқының қасиеттері мен сипаттары, оны күтіп-бағу, жылқы ауруларының түрлері және оларды емдеу шаралары туралы мәліметтер қамтылады. Жалпы атбегілік өнер дегеніміз атты сынау мен баптаудан тұрады. Ал бұл жазба ескерткіштің мәдени-тарихи мәні де осында.

XIII ғасырда қыпшақ тілінде жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші қыпшақтардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірі, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы мәлімет беретін маңызды тарихи және лингвистикалық құнды ескерткіш. Бұл ескерткіште ат әбзелдері мен төрт түліктің бірі – жылқы малына қатысты атаулар кездеседі, оларды қарастыру арқылы жартылай отырықшы, жартылай көшпенді өмір салтын ұстанған қыпшақтардың шаруашылығы мен кәсібіне байланысты деректерді алуға болады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Ортағасырлық «Байтару'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке байланысты кездесетін бірліктерді зерттеуде ескерткіштер тілінде кездесетін тұлғалардың лингвистикалық және мәдени сипатын ашу мақсатында лингвомәдени зерттеу әдісі басшылыққа алынған. Лингвомәдени деректерді тілдік тұрғыдан зерттеу барысында зерттеу міндеттерін жүзеге асыру үшін семантикалық, лингвокогнитологиялық, шолу, сипаттау, талдау, жинақтау әдістері қолданылған.

Талдау мен нәтижелер

Көне ғасырдан ұлы даланы ат тұяғымен дүбірлетіп, төрткүл дүниені дүр сілкіндірген ата-бабамыздың басты байлығы асыл текті арғымақтар екені анық. Түркілердің тақымы аттан түспей, үзеңгіден табаны таймай ерен ерлігімен, елдігімен жерін сақтағаны тарихтан белгілі. «Замана көшінің келбетін өзгертіп» [1, 3-б.]. Өркениеттің дамуына өз үлестерін қосқан. Сондықтан да тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті, тәлімі мен тәрбиесі, танымы мен талғамы жылқы малымен біте қайнасқан. Халқымыз төрт түлігін жеке-жеке пір тұтып, «қой береке, түйе ғазиз...», ал жылқыны «...төрт түліктің төресі» деп ерекше құрметтеп, «жеті қазынаның бірі» деп қасиет тұтып, «...шашасынан жер, құйрығынан жел аңқыған атын» жан жолдасына балаған [2]. Өйткені о бастан адамзат баласына тән асыл қасиеттер тектілік, адалдық, тазалықты жылқы малының бойынан байқаған. Сондықтан да ұрпағын «құлыным», «арғымағым», «хас тұлпарым» деп еркелетіп, өздерін «жылқы мінезді халықпыз, түбіміз – түркі, түлігіміз – жылқы» деген. Оған ерекше көңіл бөліп, қолға үйретіп, баптап, бәйгеге қосып, жауынгерлік өнерге баулып әспеттеген. Сонымен қатар атбегілік өнерді ұрпағының қанына сіңіріп, аманаттап отырған. Көне ғасырдан таңбалы тастарға бейнелеп, адамдармен қатар жерлеп «атты мүрде» орнатқан. Жазба ескерткіштер Күлтегін: *Күл-тегін алп чалқы ақ атын мініп төгді (Күлтегін алып шалысты ақ атын мініп шайқасы)* [3, 22-б.], М. Қашқари: *«Киш канатин ер атин» (Құс қанатымен ер атымен)* [5, Т.1, 63], т.б., жырларына қосып, мәліметтер қалдырып отырған. Жалпы жылқы малы қай ғасыр, қай уақытта болмасын мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркес, аңыз-әпсаналары мен тарихи жырлар, ән-күйлерге өзек бола білген. Қазірге дейін, прозалық, поэзиялық шығармаларда көрініс тауып, тіпті «қазақтың баламасы секілді кейіпкерге айналып» та кеткен [6, 7], Сондықтан да болар жылқы малына байланысты қалыптасқан терминология ұлттық сана-сезім, әлеуметтік қатынас, тұрмыс-тіршілік пен шаруашылықты бейнелейді. Сөз орайы келгенде айта кету керек: халықтың жылқы малына қатысты наным-сенімі мен ырым-тыйымдары өзіндік бір төбе болса, мифтік түсінігі өзінше бір әлем. Мысалы ырымдар, «үзеңгі астынан құндақталған баланы өткізу, «тұлпардың тұяғының ізін «періштенің ізі» деп түсіну», «тұяқтың ізі түскен топырақты емдік мақсатта пайдалану», «тастағы тұлпар ізіне табыну», тыйымдар, «көкпарға әйел баласы бармайды», «жүйрік атпен отар қойдың алдынан шығуға болмайды, аттың бағы қайтады», «қасқыр соғуға болмайды, қасқыр соққан жүйріктің бәйгеде жолы болмайды»,

«әйел адамды жүйрік атқа мінгізбейді» секілді ырымдар мен тыйымдар халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде әлі күнге дейін қолданылады. Ал «жылқы-культі» қолданылған мифтік шығармалар халқымыздың мифологиясының бет қаймағы болып саналады. Мысалы, «Су жылқылары», «Жылқы, айдаһар, жылан», «Қамбар ата». Этнограф, ғалым С. Қондыбай жылқыға байланысты наным-сенімдер мен ырым-тыйымдарды зерттей келе «...бұл тек жылқыға байланысты наным-сенімдердің кейбірі ғана жалпы жылқыға байланысты таным-түсініктер дербес энциклопедия етіп жинақтауға жетерлік» дейді [7, 29-б.]. Шындығында, жылқы малына қатысты деректерді жинақтасак, түркі халықтарына ортақ лингвомәдени аспектідегі ақпараттар жинақталған ғылыми дүниелер жазуға, тіпті сөздік құрастыруға да болады. Бұл енді болашақта атқарылатын істерімізде жалғастығын табады деген ойдамыз.

Атбегілік – жылқы малын баптау ілімі. «Атбегі /бапкер/ атпаз – бәйге атын тани білетін, оны жарату мен баптаудың, қыр-сырын жетік білетін маман. Атбегі атауының мәні ежелгі түркі халықтарының жазба ескерткіштерінде бек, ұлық, көсем, әкім деген ұғымды білдітерін деген атаумен астас [8, 260-б.]. Жалпы айтқанда, атбегілік өнер дегеніміз түркілердің ғасырлар бойы жинақтаған ат туралы эмприкалық білімінің жиынтығы болып табылады.

Тарихта өзіндік із қалдырған түркі-қыпшақ тіліндегі құнды жазба ескерткіштердің бір бөлігі ортағасырларда жазылған. Ортағасырлық жазба ескерткіштер XII–XVI ғасырлар аралығын қамтиды. Осындай деректердің ішінде ортағасырлық қыпшақ және мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің мәні ерекше. Бұл жазба ескерткіштер тілдік ерекшелігі жағынан қазіргі түркі тілдерінің, солардың ішінде қазақ тілінің орта ғасырдағы табиғи қалпын көрсетеді [9, 160-б.]. Мысыр мен Шам, Дешті Қыпшақ даласы сияқты Еуразия құрлығының кең ауқымды аймағын қамтыған жерлерде пайда болған жазба ескерткіштер арнайы мақсатпен түрлі жанрда, түрлі жазу таңбаларымен, арнайы тапсырыстармен жазылғаны белгілі. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған атбегілік және әскери-тактикалық бағыттағы еңбектердің қатарына бірнеше жазба ескерткіштерді жатқызуымызға болады және бұл еңбектер өз заманында жоғары деңгейдегі әдеби, тарихи, лингвистикалық дүниелер болып табылады. Олар, «*Китаб фи рийазати-л-хайл*» (немесе «*Китаб ал-хайл*»), «*Китаб байтарату-л-вазих*» (немесе «*Китаб Байтарату әл-уадих*»), «*Муният-ул-гузат*» және «*Китаб фи ғылым ән-нушшаб*», т.б. Аталған жазба ескерткіштер тақырыбы атбегілік пен соғыс өнеріне, сондай-ақ ветеринарияға қатысты жазылған. Мәмлүктердің билігі кезінде жазылған түрлі жанрдағы қыпшақ тіліндегі ескерткіштер сол замандағы «...түркі тілдерінің тарихы үшін ғана емес, түркі халықтарының қалыптасу тарихын, олармен қарым-қатынаста болған өзге де халықтардың тарихын, мәдениетін зерттеуде айырықша маңызды дереккөз қызметін атқарады [10, 24-б.]. Сондықтан, жоғарыда аталған ескерткіштерді жан-жақты зерттеу арқылы мәмлүктер дәуіріндегі Мысыр қоғамы жөніндегі ғана емес, сондай-ақ олармен тығыз байланыста болған Дешті Қыпшақ халықтары туралы да деректер алуға болады.

Аталған жазба ескерткіштердің ішінде «*Байтарту'л-Вазих*» және «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке қатысты бірліктерді салыстырмалы түрде қарастырып, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын анықтау өзекті мәселе болып табылады. Өйткені бұл ескерткіштер ортағасырлық қоғамның тілдік және мәдени дамуының көрсеткіші. Осы кезеңде атбегілік өнері көшпенді өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болды және бұл жазба ескерткіштері атбегілік саласындағы білім мен тәжірибені жинақтауға мүмкіндік берді. Қазақтың жылқытану ілімінің негізінде атбегілік өнер тұр. Яғни атбегілік дегеніміз – халқымыздың генеологиялық жадысының туындысы [11, 10-б.]. Аталған жазба ескерткіштер тіліндегі тілдік бірліктердің мазмұнының қазақтың мәдениетімен, халықтың дүниетанымымен сабақтасып жатқанына тілге талдаулар жасау арқылы көз жеткіземіз. «*Байтарту'л-Вазих*» және «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткіштері арқылы атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктерін зерделеу арқылы дәстүрлі

атбегілік өнердің маңыздылығын айқындай аламыз. Зерттеу атбегілік мәдениетінің тарихы, оның тілдік көрінісі және қазіргі қоғамдағы рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы қыпшақтар қоғамында жылқының қадірі ерекше болды. Ғылыми, тарихи еңбектерде қыпшақтардың сарбаздары әскери өнерге жетік, ат үстінде шайқасу, садақ ату және қылыштасу дағдыларында шеберлік танытқан деген мәліметтер өте көп. Олардың әскери дайындық деңгейі мен тәртібі жоғары болғандықтан, жауынгерлік әдістері мен тактикаларына ерекше назар аударылған. Атбегілік мәмлүк қыпшақтарының мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі. Жылқы бәйгелері мен ат спорттары мәмлүк қыпшақтарының дәстүрінде ерекше орын алды. Жылқылардың денсаулығы мәмлүк қыпшақтары үшін басты назарда болды. Олар жылқыларды емдеудің әртүрлі әдістерін пайдаланған және бұл салада кәсіби мамандар қалыптастырды. Жылқы ауруларын емдеуде дәстүрлі тәсілдерді қолдана отырып, олар өздерінің әскери күшінің сапасын қамтамасыз етті. Сондықтан да олар жылқыны күтіп-баптау және емдеу саласында мол тәжірибе жинақтады. Атбегілік өнерін терең меңгерген мәмлүктердің бұл қабілеті олардың жауынгерлік дағдыларын арттырып, басқа мемлекеттер арасында абыройын көтеруге ықпал етті. Египет пен Сирияны билеген мәмлүк әскері әскери өнер мен атбегіліктің барлық қырларын терең меңгерген сарбаздардан құралды. Мәмлүк сұлтандары мен бектері жылқының маңыздылығын жақсы түсініп, оларды әскердегі ең сенімді серігі әрі соғыс құралы ретінде бағалады. Мәмлүктер мініс аттарында ғана емес, ат үстінде садақ ату, найзамен түйреп, қылышпен соғысу сияқты соғыс дағдыларын да жетік меңгерген. Ат спорты арқылы олар әскери дайындығын жетілдіріп, дене дайындығын арттырды. Сонымен қатар қыпшақтар өмірінде «...тәуелсіз азат өмірдің символы, тіршілік байлықтың көзі» де бола білген [12, 218-б.]. Оның дәлелі мәмлүк қыпшақтардың билігі тұсында жазылған жазба ескерткіштер.

Қазіргі кездегі «Қазақтың атбегілік өнері» [11], «Қазақ жылқы тарихы», [13], Ж. Дадебаевтың «Тұлпардың бабы мен сыны» [14], Қ. Саки «Мәмлүктер соғыс өнері» [15], т.б. еңбектері атбегілік өнер және оның бабы мен сыны туралы дүниелер болып табылады.

«Байтаратұл-вазих» жазба ескерткіші мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жалғыз ветеирнариялық еңбек дедік, бұл жазба ескерткіште атбегілікпен айналысқан адам нені білу керек екендігі жөнінде ақпарат беріледі. Мысалы, «атбегі ең алдымен жақсы атты дұрыс таңдай білуі қажет. Ол үшін оған үлкен білім керек. Ат туралы білімі терең болмаса жылқы да, адам да зардап шегуі мүмкін. Сондықтан да жылқышы аттың жай-күйі мен қажеттіліктерінен толық хабардар болып, оның туылғаннан кейінгі кемшіліктерін де толық меңгеру керек. Егер жылқының тума кемшілігі болып, түзеуге келмейтіндей болса, оны мазаламау қажет. Жылқының сыртқы пішіні нашар болса, оны дұрыс баптап, қарау керек» дейді [16, 69-б.].

Ескерткіште бірнеше аттың түрлеріне сипаттама беріледі. Олар мысалы, анасы да әкесі де араб «عاق» *atiq*, әкесі араб, шешесі татар атты арабтар «حاسين» *hasin*, әкесі татар, шешесі араб бие болса, оны «موريف» *muqrif*.

Ал жақсы аттың белгісі ескерткіш тілінде былай сипатталады. «Аттың жалы мен үстіңгі ерні арасындағы аймақ ұзын болса, сондай-ақ ауызының жоғарғы бөлігі мен танауы кең, тілі ұзын болса (ат қозғалғанда ыңғайланып, шөлдемейтіндей болады), құлақтары тар болса бұл белгілер жақсы атқа тән қасиеттер болып саналады. Бастысы көздің үстінде орналасқан екі ойық тар болуы керек, мұндай жағдай да аттың көзқарасы күшті, көзі өткір, көру ауқымы керемет болады. Сонымен қатар көзі мен құлағы арасындағы аймақ кең, қастары тар болуы керек. Мұндай бітімді ат таза қанды «араби ат» болып саналады. «Араби аттың» анасы да әкесі де араб болып саналады, арабтар оларды «عاق» *atiq* деп атайды» дейді. Кейіннен жақсы аттың белгісін атақты Толыбай деген сыншы былай айтқан екен «...имек тұмсық, бөкен танау, көзінің ойындысы терең, жар қабақ, екі жақтың ортасы алшақ» [11, 125-б.].

Байқап қарасақ жазба ескерткіш тілі мен Толыбай сыншының сипаттап отырған жақсы аттың сипаты бірдей.

Аттың сыртқы сипатына қарап, оның қандай ат болатындығы туралы болжамдар ескерткіш тілінде былай беріледі. Мысалы,

Еркек жылқының желкесі мен мойын еті арасындағы еті етті болуы керек. Ол жерді араб тілінде «حاصیما» *hazima* деп атайды. Егер ол жер етті болса, мойын (еркек жылқыларда), жақ сүйегі күшті болады. Ал егер дәл осы жағдай ұрғашы жылқыларда болса, онда ол жақсылықтың нышаны емес.

Таза қанды аттың жағының жоғарғы бөлігі етті, ал төменгі бөлігі тар болуы керек, мұндай жағдайда тыныс алу оңай болады. Сондай-ақ төменгі, беттің сақинасы орналасқан ауызда, жоғарғы ерін мен төменгі ерін қалың етті болмауы керек. Мықты аттардың еріндері жұқа болуы керек. Жоғарғы ерін араб тілінде «ساخفالة-علي» *caḥfalatul-‘alijā* деп ал төменгі ерін «صيفالي - ساخفالة» *caḥfalatil-sifalī* деп аталады.

Беттің сақинасын ауызға салатын жер «خیکمائیل – فارس» *ḥikmatil-faris* деп аталады. Текті ат ұзын және дөңгелек болуы керек. Олар қысқа және төртбұрышты болмауы керек. Ал енді аттың көзінің үстіндегі сүйектер үлкен, қарашығы қанық қара және көздері өткір болуы керек. Көздер арасындағы кеңістік пен терісі кең болуын арабтар «ضراما» *ḍarāma* деп атайды. Қастардың екі жағы кең және етсіз болып, тері сүйекке қосылуы қажет.

Құлақтар жоғарыдан төменге дейін ұзын және тар болып, ішкі жағы жұқа да, кең де емес, орташа болса, тіпті керемет.

Аттың маңдайындағы, бүйіріндегі шаштары ұзын және жұмсақ болса, тіпті тамаша Шаш өсетін бөліктің астындағы сүйектің үстіңгі жағы ашық болмауы керек. Ол сүйек араб тілінде «عصفر» *‘aṣḡūr* деп аталады. Оның үстінде жал өседі. Ол жұмсақ және әдемі болуы керек. Мұны араб тілінде «عرف» *‘araḡa* деп аталады.

Аттың алдыңғы аяғының жоғарғы бөлігі қысқа болуы керек. Ол арабтарда *bāzuv* деп аталады, *bāzuv* жіліншік пен иық сүйектерінің арасындағы екі сүйек. Егер *bāzuv* үлкен және қалың болса, жылқы өте күшті болады. Ол жүгіріп келе жатқанда, оның алдыңғы аяқтары қатты болады.

Мықты аттың кеудесінің төбесі кішкентай, және азырақ шығып тұруы керек. Оның екі *dirā* ұзын болуы керек. *dirā* мен *bāzuv* пен тізе арасында, екі *dirā* қалың және биік болуы керек. *dirā* бұлшықеттері де қалың болуы керек. Тізеден *bāzuv* дейін етсіз болуы керек. Екеуінің де терісін біріктіру керек. Сонда ол өте күшті болады және аяғы қауіпсіз болады.

Ескерткіш тілінде аттың сыртқы көрінісіне қатысты болжамдар былай беріледі. Мысалы,

«ماتوغ» *ma‘tuq* – ат тұрғанда жақсы көрінеді, ал мінгенде ол қасиеттер басқаша болады. Ол тұрған кездегідей емес.

«مغريب» *muqrib* аттың сыналуды алыстан жақсы болып көрінетінін, бірақ жақындағанда оның алыстан көрінгенінен басқаша екенін білдіреді. Мұны өзгертуге болады,

«موخضير» *muxḍir* дегені, ат жүгіріп келе жатқанда жақсы көрінеді, бірақ оны сізге әкеліп, мұқият тексергенде ақау пайда болады. Бұл жақсы емес. Осы себептерге байланысты жылқыға асығыс болжам ешқашан жасамау керек.

Атбегі жылқының тұрған және қозғалыстағы барлық кездерін көзден таса қылмай бақылауы керек. Жылқының бойында қандай да бір өзгеріс бар, иә жоғын білу үшін жүгіріп келе жатқанда немесе бір орында тұрғанда мойнына қарап анықтай аласыз. Жүгіріп те, тұрып та мойнының өзгертпей қатты ұстаған ат қана мықты ат болып саналынады.

Ескерткіш тілінде аттағы кемшіліктер ескерткіште былай ажыратылады. Мысалы, көздің кемістігі: аттың екі көздің көк болуы немесе бір көзінің көк, екіншісінің қара болуы да кемістік болып есептелінеді. Көздің жиектері мен қабақтарының ақ болуы да кемшілік.

Өйткені атты суыққа шығарсаңыз немесе күнгейге шығарсаңыз, тіпті қысты күні далаға шыққанда ол жақсы көрмейді. Арабтар мұны «*حفل*» *ḥaval* деп атайды. Арабтар түнде немесе қарда көрмейтін атты «*عشا*» *‘isā* деп атайды. Егер көздің ағы тым ақ болса, бұны арабтар «*عخور*» *‘aḥūr* деп атайтын. Көзі көк емес, көзінің жиегі ақ емес, екі көзінің ағы тым ақ аттар да болады, мұндай аттарды арабтар «*عخور*» *‘aḥūr* деп атайды.

Мұрын кемістігі: аттың мұрын сүйегінің сыртқа бүгілуі – арабша «*حنيس*» *xanis* деп аталады. Ал мұрын сүйегінің ішке қарай бүгілуі «*غنف*» *qanva* деп те аталады. Бұлай болғанда, оның ауаны шығаратын аймағы тар болады. Бұл аттың тыныс алуына кедергі болады. Негізінде бет сақинасы қойылған жерден мұрынның ұшына дейінгі аймақ қысқа болуы керек. Арабтар оны «*عائس*» *‘aṭas* деп атайды.

Тілдің қысқа болуы – кемшілік. Тістердің тым ұзын болуы да ақау.

Мойынның кемістігі – жоғарыда айтқанымыздай, дұрыс мойынның негізгі еті жоқ болуы керек және мойны бос болуы қажет. Ат жүгіргенде басын тік көтеріп ұстап төмен түсірмеу керек. Мұндай жылқы бірден алдында тұрғанды көрмеу керек және мойнының ортасы төмен, қуыстары биік, жоғарғы бөлігі бос болуы керек. Мойны доғал жылқыны ұнататындар көп, бірақ арабтар оны кемшілік санайды.

Омыртқа мен асқазанның кемістіктері: омыртқаның ұзын болуы немесе бос әлсіз болуы немесе төмен қарай иілуі де кемшілік. Арабтар мұны «*قاس*» *qaas* деп атайды. Сондай-ақ оның белі тар болып, ортасы салбырап тұрса, немесе қабырғасы шығыңқы болып, белінен құлаққа дейін жіңішке болса арабтар үшін бұл да кемшілік. Аттың қабырғалары біркелкі болуы керек.

Тіс кемістігі. Аттың тісі түссе, ол үлкен кемшілік. Өйткені тістің орны үңірейіп тұратын болады және ат аузын жаба алмай, ылғи аузынан сілекей ағып тұратын болады.

Аттардағы жүре пайда болған кемшіліктер.

1) Арабтар «*حران*» *ḥarān* деп атаған кемшіліктің бірі аттың атқорада тым ұзақ тұруынан пайда болады дейді. Үстіне адам мінуге талпынса бұл аттар қозғалмай, қимылдамай қояды. Кейіннен пайда болған бұл ақауды мамандар басты кемшілік деп санамайды, бұл кемшілікті тез жоюға болады. Мұндай жағдай да оны көп қамшылау қажет немесе астына от жағу керек. Кей жағдайда көп қамшылаудың салдарынан мұндай аттар қожайындарын тістеп алады. Атты көп ұрып-соғуға және көп ойнатуға болмайды. Өйткені ол өзіне жақын келген адамды тістеп алады. Мұндай жылқы араб тілінде «*عاداد*» *adād* деп аталады.

2) Аттың ешкімді үстіне мінгізбеуі. Бұл ақау оның арқасындағы, кеудесіндегі немесе құлағының айналасындағы жаралар салдарынан немесе қажағанда пайда болған жаралардан болады. Арқаға шыққан жаралардың емделетін және емделмейтін түрлері бар. Жаралар ер-тұрманның астына суланып, атқа жайсыздық тудырып, ол тыпыршып мазасызданады.

Ескерткіш тілінде жылқының ауру-сырқауының жалпы саны – екі жүз қырық тоғыз деп беріледі. Сонымен қатар жылқылардағы аурудың түрлері ажыратылып, ол ауруларды емдеудің бірнеше жолдары берілген. Мысалы, «*مصص حلاك*» *maśaś* ауруы. Жылқының алдыңғы және артқы аяқтарында жаңғақ тәрізді ісіктің пайда болуы. Ол ісік жаңғаққа қарағанда үлкенірек немесе кішірек болады. Көбіне олар артқы, алдыңғы жіліншіктерде, бұлшықеттер мен тізелерде пайда болады. Көптеген жылқылар бұл аурудан өліп те кетеді. Бұл ауру аз ғана уақыттың ішінде тез жайылып кетеді. Оның емі жоқ десе де болады. Жазылуы тым қиын, арабтар оны «*مصص حلاك*» *maśaś halāk* деп атайды.

«*مصص حلاك*» *maśaś*тың бірінші емі андараннан тұз алып, өте майда әрі жұмсақ етіп ұнтақтау. Содан кейін оны сиыр майымен араластырып ісіктің бетіне жағып, байлап тастаңыз. Кей жағдай да оны ісіктің үстіне ысқылап жағу да керек. Ысқылағанда: «*وسكن بعودة للاهي وسكن بعودة للاهي ول خفل ول كوات يلل بلاهيعل - علاج*» *бисмиллаһи аллахумма, ускун би`азамати лиллаһи, ускин би`ударату лиллаһи, ускин би`ударату лиллаһи валә хавла валә қувати иллә билләһи* 'л- 'аләджжу» деп дұға оқу керек.

«مصص» *maśaś*тың екінші емі: ащы қыша алып, оны ұсақтап ұнтақтап, бордақы майымен бірге қамыр секілді жақпа жасайсыз. Содан кейін оны ісіктің үстіне жағыңыз, Жақпаны жаққаннан кейін, оны бір түнге шүберекпен таңып қойыңыз. Таң атқанда шүберекті босатып, қайтадан ысқылап жағасыз. Мұны қажет болған жағдайда жи-жиі жасап тұру керек. Бұл өте пайдалы және аттың жарасының жағдайын жақсартады.

«مصص» *maśaś*қа қатысты үшінші ем «غوزول» «کیرمان» *qūzyl kirmān* жапырағын алып үгітіп орташа мөлшерде «هندي» *hindī* тұзын саласыз, пайда болған қоспаға сиыр майын араластырып паста жасау керек. Жасалынған пастаны шүберекке салып, оны ісікке жағып, орап тастайсыз.

Ескерткіште «ات» *at* (ат) ат, «ايغير» *ayğır* (айғыр), айғыр, «قيسراق» *qısraq* (қысрақ), қысрақ, «فلولان» *qulan* (құлан) құлан секілді жылқы түрлеріне қатысты атаулар берілген. Ал «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінен төрт түліктің бұл түрінің барлық атауларын толық кездестіруге болады. Мысалы, *at* (ат) ат, *ayğır* (айғыр) айғыр, *ylqı* (йылқы) жылқы, *biye* (біе) бие, *qulun* (құлұн) құлын, *quvluq-xuvluq* (құвлұқ хұвлұқ) бірінші төлдеген бие, *yelemci* (йелімчі) желімші, *qısraq* (қысрақ) қысырақ кездестіреміз.

«Байтаратул-вазих» жазба ескерткішінде «ات» *at* (ат) ат, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде ***at (am) am*** – үйірге түспейтін, әр түрлі шаруашылық жұмыстарға жегілетін еркек жылқы. Түркі тілдеріне ортақ бір буынды сөз. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштер тілінде әр түрлі қаріппен берілгені болмаса, көне, орта түркі жазба ескерткіштерінің барлығында мағыналық та тұлғалық та тұрғыда өзгеріске түспей қолданылады. Мысалы, көне түркі сөздігінде: ат лошадь [17, 65-б.], М. Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» еңбегінде де *at* (ат) ат [5, I, 63].

«Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде ***biye (bue) bue***, Біз қарастырып отырған ескерткіштер тілінде бұл сөз фонетикалық та, тұлғалық та тұрғыдан еш өзгеріске түспей қолданылған сөз. Түркі тілдерінде аз-кем фонетикалық өзгешеліктермен кездеседі. Мысалы, қырғыз *бэ*, башқұртта *бэјә*, қарақпакта *biјä*.

«Байтаратул-вазих» жазба ескерткішінде «ايغير» *ayğır* (айғыр) айғыр, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде ***ayğır (айғыр) айғыр*** – үйірге түсетін еркек жылқы. Көне түркі сөздігінде: ајүіг жеребес [17, 30-б.]. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштерде мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ екі буынды сөз.

Külik (күлік) күлік - сәйгүлік, жүйрік атқа берілген атау. «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде кездеседі. Көне түркі сөздігінде *külik kölük* [17, 347-б.], М. Қашқарида: көлүк (күлүк) күлік: арқа көлік, жүк артыратын мал [5, I, 450-б.]. Қазіргі қазақ тілі және көне, орта ғасырлық жазба ескерткіштерде мағынасында еш өзгеріс жоқ, тек фонетикалық сөз ортасында *у/ө*, *і/ү* секілді алмасулары бар. Қазіргі қазақ тілінде сәйкүлік сөзінің құрамында ғана сақталынған.

«Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде ***qısraq - qıstraq*** (қысрақ-қыстырақ) қысырақ, «Байтаратул-вазих» жазба ескерткішінде «قيسراق» *qısraq* (қысрақ). Үйірге қосылмаған, құлындамаған жас байтал, не бие. Түркі тілдерінде татарда *қысыр*, ноғайда *қысыр*, құмықта *қысыр*, қарақпакта *қысрақ*. М. Қашқарида *қысыр* (қысыр) қысыр қысрақ (қысрақ) қысрақ құлындамаған байтал. Оғыздарша байталдың бәрі «қысрақ» [5, 421, 533-бб.] Көне түркі сөздігінде: *qısraq* молодая кобылица [17, 475-б.].

Quvluq – xuvluq (қувлуқ – хувлуқ) бірінші төлдеген бие. Бұл бірлік тек «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде ғана қолданыс тапқан, қазіргі қазақ тілінде тілдік қолданыстан шығып мағынасы көнерген сөз қатарында.

«Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде ***qulan*** (қулан) құлан, «Байтаратул-вазих» жазба ескерткішінде «فلولان» *qulan* (құлан) құлан – жабайы жылқы. Түркі тілдерінде татар, башқұрт *қолан*, ноғай *қулан*, қарақпакта, *қулан*. М. Қашқарида *qulan* құлан жабайы есек [5, I, 475]. Көне түркі сөздігінде *qulan* кулан, дикий азиатский осел [17, 493-б.]. Мағынасында да

тұлғасында да еш өзгеріс жоқ, тек фонеткалық айырмашылығы байқалады. Сөз басында қ/к/ғ, сөз ортасында о/у, о/а ауысулары байқалады.

Үілqі (йылқы) жылқы – тақ тұяқты, төрт түлік малдың бірі, біз қарастырып отырған жазба ескерткіште ж/й ауысуымен берілгенімен, қазіргі қазақ тілінде мағынасында еш өзгеріс жоқ. Көне түрпкі сөздігінде: jılqı 1. крупный скот, преимущественно лошади, 2. перен. скот, скотина. М. Қашқарида jund жылқы, jılqı (йылқы) жылқы ірі малдарға айтылатын ортақ жалпы атау [III, 15]. Қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда сөз басында и/ж алмасуымен беріледі.

Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштер тіліндегі жылқы малына қатысты атаулар қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда таңбалану тұрғысынан айырмашылығы болғанымен мағынасында еш өзгеріс жоқ екенін анықтадық және аз кем фонетикалық алмасулар байқалады. Ал *quvluq-хувлуқ* (құвлұқ хұвлұқ) бірінші төлдеген бие, *yelemči* (йелімчі) желімші секілді атаулар көнеріп, тілдік қолданыстан шыққан. Сондай-ақ қарастырып отырған жазба ескерткіштер тілінде ат әбзелдеріне қатысты атауларда кездеседі. Мысалы,

«*Байтарату-вазих*» жазба ескерткішінде «سوط» *qamçı* (қамчы) қамшы, «لجام» *tizgin* (тізгін) тізгін, «الجام» *yügen* (йүген) жүген;

«*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінен *eyärči* (егәрші), *yügänči* (жүгенші) жасайтын мамандар, *noqta* (ноқта) *yugän* (жүген), *eyär* (егәр, ертоқым), *eyärniñ ayači* (ертоқым қанқасы), *alındaıyı qaş* (алындағы қаш), *artındaıyı qaş* (артындағы қаш), *kišan* (кісен), *toya* (тоға), *toya tili* (таға тілі), *halqa* - *toya* (халқа-тоға), *ayuzluq* (ауыздық), *uzängi* (үзәнгі) үзенгі, *tešmāk* (тесік), *kömlüdrük* - *köjüldrük* (көмүлдірүк), *qoyışqan* - *uyışqan* (құйысқан), *yüjirčaq* (есектер мен қашырларға арналған орауыш), *qamši* (қамчы-қамшы), *tizgin* (тізгін) толық берілеген [18, 143–144–66.].

Бұдан байқайтынымыз, ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған этномәдени құндылықтар қаншама уақыт өтсе ұлт санасында сақталып бүгінгі таңда халық арасында өзіндік қолданысын жоғалтпағанын байқауға болады. Атбегіліктің бір бөлшегі болып табылатын ат әбзелдеріне қатысты деректер әлі күнге дейін халықтың тұрмыс-тіршілігінде қолданылып келеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту'л-Вазих» және қыпшақ тілінде жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері анықталды. Зерттеу барысында ортағасырлық жазба ескерткіштерде кездесетін атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің қазақ халқының мәдениеті мен тарихында ерекше орын алатыны анықталды. Сонымен қатар «*Байтарту'л-Вазих*» және «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде халқымыздың атбегілік өнері, атап айтқанда, аттарды күту, баптау, жүйрік аттың белгілерін анықтау, жылқы аурулары мен оларды емдеу, т.б. мәселелерінің тамыры тым тереңде жатқандығы белдігі болды. Жазба ескерткіштерінің түпнұсқалық мәтінін қарастыра отырып төрт түліктің бірі жылқы малына қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы анықталды. Түйгеніміз жазба ескерткіштер мен тарихи деректерді зерттеу арқылы атбегілік өнердің мәдени және тарихи маңызын терең түсініп, оны қазіргі қоғамда жаңаша қалыптастыруға мүмкіндік туатынын ұқтық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қыдырәлі Д. Тамыр: ғылыми мақалалар. – Алматы: Атамұра, 2024. – 304 б.
2. Сартқожаұлы Қ., Айдаубайұлы Қ. Сәйгүліктер. [Электронды ресурс]. URL: <https://argymaq.kz/archives/278> (қаралған күні 14.08.2024)
3. Күлтегін. Тоныкөк. – Астана: Аударма, 2022. – 96 б.

4. Қашқари М. «Диуани лұғат ат түрік» 1-3 / ауд. А. Егеубай. – Алматы: Хан, 1997. – 422 б.
5. Омаров М. Аңызға айналған арғымақтар. – Алматы: Таңбалы, 2008. – 159 б.
6. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2024. – 496 б.
7. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия / ғыл. ред. Н. Әлімбаев; мәтінд. дайынд. Ж. Бабақұлы. – Алматы: DPS, 2011. – 735 б.
8. Serkebayeva G., Boranbaev S. Binary oppositions as a method of conceptualization: A case of codex cumanicus // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Т. 11. – №3. – С. 159–170.
9. Боранбаев С.Р., Тулебаев Қ.Т. Соғыс өнеріне байланысты түркі тілінде жазылған ортағасырлық дереккөз // Архив хабаршысы. – 2021. – №1-2. – Б. 20–24.
10. Қайратұлы Б. Қазақтың атбегілік өнері: әдістемелік оқулық. – Астана: Жарыс KZ. – 391 б.
11. Даулеталиева Д.М., Тоқтағұл Б.С., Арзымбетова Ш.Ж. Жылқы малына қатысты қазақы атаулар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – Т. 4. – №118. – С. 215–228.
12. Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: Алматы кітап, 2010. – 496 б.
13. Дадебаев Ж. Тұлпардың бабы мен сыны. – Алматы: Бастау, 1994. – 16 б.
14. Саки Қ. Мәмлүктер соғыс өнері. – Астана: Khan Textile, 2015. – 152 б.
15. Ozgur C. *Baytaratü'l-Vazih (Metin-İndeks)*: Yüksek Lisans Tezi. – Istanbul, 1988. – 270 s.
16. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 760 с.
17. Серкебаева Г.И. «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабақтастығы: филос. док. (PhD) ... дис. – Шымкент, 2024. – 144 б.

REFERENCES

1. Qydyrali D. Tamyr: gylymi maqalalar [The root: scientific articles]. – Almaty: Atamura, 2024. – 304 b. [in Kazakh]
2. Sartqozhauly Q., Aidaubaiuly Q. Saigulikter [Horses]. [Electronic resource]. URL: <https://argymaq.kz/archives/278> (date of access 14.08.2024) [in Kazakh]
3. Kultegin. Tonykok [Kultegin. Tonykok]. – Astana: Audarma, 2022. – 96 b. [in Kazakh]
4. Qashqari M. «Diواني lugat at turik» [“Diwani lugat at Turk”] 1-3 / aud. A. Egeubai. – Almaty: Han, 1997. – 422 b. [in Kazakh]
5. Omarov M. Anyzga ainalgan argymaqtar [The legendary argymaks]. – Almaty: Tanbaly, 2008. – 159 b. [in Kazakh]
6. Qondybai S. Argy qazaq mifologiasy [Ancient Kazakh mythology]. – Almaty: Daik-Press, 2024. – 496 b. [in Kazakh]
7. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi: enciklopedia [Traditional system of concepts and names of Kazakh ethnographic categories: encyclopedia] / gyl. red. N. Alimbai; matind. daiynd. Zh. Babaquly. – Almaty: DPS, 2011. – 735 b. [in Kazakh]
8. Serkebayeva G., Boranbaev S. Binary oppositions as a method of conceptualization: A case of codex cumanicus // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Т. 11. – №3. – S. 159–170.
9. Boranbaev S.R., Tulebaev Q.T. Sogys onerine bailanysty turki tilinde zhazylgan ortagasyrlyq derekkoz [Medieval source written in Turkic related to the art of war] // Arhiv habarshysy. – 2021. – №1-2. – B. 20–24. [in Kazakh]
10. Qairatuly B. Qazaqtyn atbegilik oneri: adistemelik oqulyq: Kazakh equestrian art: a methodical textbook. – Astana: Zharys KZ. – 391 b. [in Kazakh]
11. Dauletaliyeva D.M., Toqtagul B.S., Arzymbetova Sh.Zh. Zhylqy malyna qatysty qazaqy ataular [Kazakh names related to horse cattle] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2020. – Т. 4. – №118. – S. 215–228. [in Kazakh]
12. Toqtabai A. Qazaq zhylqysynyn tarihy [History of the Kazakh horse]. – Almaty: Almaty kitap, 2010. – 496 b. [in Kazakh]
13. Dadebaev Zh. Tulpardyn baby men syny [Conditions and criticism of the horse]. – Almaty: Bastau, 1994. – 16 b. [in Kazakh]

-
14. Saki Q. Mamlukter sogys oneri [The art of war of the Mamluks]. – Astana: Khan Textile, 2015. – 152 b. [in Kazakh]
 15. Ozgur C. *Baytaratü'l-Vazih (Metin-İndeks): Yüksek Lisans Tezi* [Baytaratu'l-Wazih (Text-Index): Master's Thesis.]. – Istanbul, 1988. – 209 s. [in Turkish]
 16. Drevnetiurkskiy slovar [Ancient Turkic Dictionary]. – Leningrad: Nauka, 1969. – 760 s. [in Russian]
 17. Serkebaeva G.I. «Kodeks Kumanikus» zhazba eskertkishi leksikasynyn qazaq tilimen sabaqtastygy: filos. dok. (PhD) ... dis. [Continuity of the vocabulary of the written monument “Codex Cumanicus” with the Kazakh language: dis.]. – Shymkent, 2024. – 144 b. [in Kazakh]